

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

1

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2016

ҚАҢТАР
ЯНВАРЬ
JANUARY

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і :

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.
ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

THE TAMGA TRADITIONS OF ANCIENT TURKS

D. K. Kidirali, G. Babayarov

International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan.

E-mail: gbabayar@yahoo.com

Key words: ancient Turks, Old Turkic inscriptions, tamgas, signs, Eurasian space, Mangi Tas (eternal stone).

Abstract. The article examines the inner content of the tribal sign tradition of the ancient Turks. Studying the origins of this system composing a sustainable part of the Turks' tradition of statehood, the authors analyze also the history of Turkic states in Eurasia, as well as the way of semantic evolution of the tribal sign tradition itself. This system has been known in Turkic history as "tamga", "belgi", "en". The stones with scriptures, statues, rock pictures, coins and seals, things made of brick and metal, paper, textile etc., pertaining to the region where the ancient Turkic states of the pre-Islamic period were found, present many symbolic signs. It can be easily noticed that not only almost all the Turkic tribes or tribal unions did possess their own "tamga" signs, but so did the ruling dynasties, too.

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ТАҢБА ДӘСТҮРІ

Д. К. Қыдырәли, Ғ. Бабаяров

Халықаралық Түркі академиясы, Астана, Қазақстан

Тірек сөздер: көне түркілер, ежелгі түркі ескерткіштері, таңба, нышан, еуразиялық кеңістік, мәңгі тас.

Аннотация. Осы мақала көне түркілердің таңба, нышан, рәмізшілік дәстүрінің ішкі мазмұнын зерттейді. Түркілердің мемлекетшілік дәстүрінің бір бөлігі болған бұл жүйенің шығу тегі және идеясын зерделей келе, авторлар Еуразиядағы түркі мемлекеттерінің тарихын да, таңба дәстүрінің семантикалық даму жолын да қарастырады. Бұл жүйе түркі тарихында "тамға", "белгі", "ен" аттармен де белгілі. Исламнан бұрынғы көне түркі мемлекеттері аумағына тиесілі бітіктастар, балбалдар, жартас суреттері, тиындар мен мөрлер, қағаз, мата, қыш және метал бұйымдарда өте көп рәміздік ишараттар – таңбалардың бедерленгені белгілі. Түркілердің таңба салу дәстүріне назар аударсақ, тайпа немесе тайпалық бірлестіктермен бірге, билеуші әулеттердің де өз таңбалары болған.

Түбі бір түркі халықтарының мемлекетшілік дәстүр сабақтастығын зерттеп, зерделегенде олардың тарихында таңбаның өте маңызды орынға ие екенін аңғаруға болады. Түпкі шығу тегі біздің дәуірімізге дейінгі мың жылдықтарға барып тірелетін таңба "тамға", "белгі", "ен" деп те аталған. Сондықтан таңбаларды зерттеу арқылы түркі әулеттері мен мемлекеттерінің тарихына қатысты біршама келелі мәселелерді шешуге болады.

Көне түркілік сенім бойынша Тәңірге жақын саналатын таулардың шыңдарында, адам аяғы жете бермейтін биік жартастарға қашалған бейнелер немесе таңбалар әдетте діни ғұрыптарға арналған; ал өзен аңғарларына, жайылымдар мен жануарларға, бұйымдар мен мүсіндерге, мазарларға түсірілген таңбалар негізінен өзге әулет немесе тайпаға «иесінің» кім екенін аңғартуды мақсат еткен [1, 6].

Бұл тұрғыдан алғанда Орта Азия аймағы мен оның төңірегінде біздің дәуірімізге дейінгі мың жылдықтың ортасына таяу сақтар мен ғұндар кезеңінен жиі көріне бастаған рәміздік нышандар - таңбалар *юечжи*, *усунь*, *канизюй*, *кұшан*, *сармат*, *дунху* (тұңғыс) және басқалар сияқты Еуразия далаларының ілкі түркі немесе түркілік емес тайпалардың егемендігі заманында кең жайылған түрде қолданылды.

Жалпы алғанда, Көктүрік (552-740 ж.ж.), Ұйғыр (745-840 ж.ж.) және Қырғыз (VIII-X ғ.ғ.) қағандықтары секілді исламнан бұрынғы көне түркі мемлекеттері аумағына тиесілі бітіктастар, балбалдар, жартас суреттері, тиындар мен мөрлер, қыш және метал бұйымдар, қағаз, мата және басқалар бойында өте көп рәміздік ишараттар – таңбалардың бедерленгені көрінеді. Аты аталған түркі қағандықтарына тиесілі *bitig* “жазу, жазба”, *taş* “тас ескерткіш/жазу”, *bitig taş* “жазу, жазба”, *beḡü taş* “мәңгі тас/ескерткіш”; *belgü* “таңба, нышан”; *tamga* “мөр, таңба” секілді сөдермен бірге көрінетін тіркестерден мысалдар ұсыналық:

1) **бітік.** *Buḡ yıllık tümen künlik bitigimin anta yası taşka yaratıtdım* – “Мың жылдық, он мың күндік жазуымды ондағы тегіс тасқа лайық көрдім” (Шине-ус, Ш. 9-10); **мәңгі тас.** *Neḡ neḡ sabım erser beḡü taşka urtum* – “Айтатын сөзім бар болса, мәңгі тасқа қашадым” [2, 303, 317; 3, 81, 93, 296, 302]; **bitig taş.** *Ataçımka bitig taşığ tokıtdım* – “Бабама (естелігіне) жазу жаздырдым” [4, 244];

2) **белгі.** *Belgüimin bitigimin anta yaratıtdım* – “Нышанымды, жазуымды осы жерде жараттым/жасаттым” (Шине-ус, Ш. 8); *Belgüsin bitigin bu urdı bu yaratdı* – “Нышанын, жазуларын осылай қойды, жаратты” (Тес, О. 3) [3, 270, 272];

3) **таңба.** *On Ok oḡlım Türḡış kaḡanta Makaraç tamḡacı Oḡuz Bilge tamḡacı kelti* – “Он оқ ұлым Түргеш қағанынан мөрші Макарачпен бірге мөрші Оғыз Білге келді” (Күл Тегін, С. 13) [3, 90, 103].

Жоғарыдағы мәліметтерден байқалатындай, көне түркілер түрлі мақсаттармен ескерткіштер қойған. Әсіресе, олар бабаларының құрметіне, немесе қол жеткізген табыстарының даңқын асыруға, қауымдастық мүдделерін болашақ ұрпақтарға жалғастыру мақсатында жазба ескерткіштер орнатқан. Осылайша, жазбаларда түрлі түркі тайпаларының бір саяси шаңырақтың астына біріккен тұста одақ пен тәуелсіздіктің сақталуы, *Beḡü El* “Мәңгі ел”-дің шексіз мерзімге дейін қорғалуы туралы бірқатар ұрандар айтылады. Бітіктастарда *bitig* және *belgü* сөздерінің көп жерде бірге болуы бұл сөздердің көне түркі қауымында балама мағынада қолданылғанын, жазу пайда болғанға дейін таңбалардың әлеуметтік өмірде өте маңызды орын иемденгенін куәландырады.

Бұл орайда, шамамен 50 таңба жинақтаған Шивээт улаан ескерткіші секілді [5, 77-91; 6, 21-36; 7, 316], көне түркі қауымдастықтары өмір сүрген аймақтарда орналасқан ірілі-ұсақты тас ескерткіштер мен тау беткейлеріндегі көптеген тайпа таңбаларының бірге, қаз-қатар бедерленгені көрінеді. Бұл жағдай көне түркілерде көшпелі тайпалардың одақ-бірлестіктер құрғанын және мұны ескерткіштерге бедерлеу секілді дәстүрі болғанын айқындайды. Осылайша, Монғолияда, Оңтүстік Сібірде, Орта Азияның түрлі өңірлерінде (Алтай таулары, Шығыс Түркістан, Жетісу және Сырдария алқаптарында), Орталық Еуразия далаларында (Қазақстан жазықтары, Еділ-Жайық алқаптары, Солтүстік Кавказ, Қара теңіздің солтүстік жағалаулары және Шығыс Еуропада) көптеген таңбалар бірге бедерленген тас ескерткіштер соның айғағы іспетті [8, 277-294; 9; 10, 339-369; 11, 371-392].

Орта Азия қауымдастықтарының, әсіресе түркілердің таңба салу дәстүріне назар аударсақ, барлық дерлік тайпа немесе тайпа одақтарында болуымен қатар, билеуші әулеттердің де өз таңбаларына иелік еткендіктері белгілі болады. Осылайша, көне түркі таңбаларына қатысты ұзақ жылдар зерттеулер жүргізген қазақстандық түркітанушы Н.Базылхан таңбалардың төмендегідей түрлері болғанын жазады:

1. **Ру** таңбалары
2. **Тайпа** (Рулар одағы) таңбалары
3. **Этникалық саяси одақ** (ел/мемлекет) таңбалары
4. **Әулеттік** (билеуші әулет) таңбалар
5. **Отбасы** таңбасы
6. **Билеуші** (Мемлекет билеушілері) таңбалары [12, 196-197].

Бұл орайда осы пікірмен келісе отырып, таңбалардың қалыптасуына байланысты біршама жайттарға тоқталып өтуді жөн санадық:

1) Таңбалар табиғи түрде бір руға тиесілі болады. Мұндай таңбалар ұзақ уақыт ішінде қоғамның мәдени өмірімен және сенім жүйесімен байланысты ортаға шығады;

2) белгілі бір мақсатта арнайы таңдалған немесе белгілі бір адамның тарапынан ұсынылған таңбалар. Мысалы, саяси одақ (ру одағы, билеуші әулет, империя) әкімшілік басқару шарасын жүзеге асырған кезде әкімшіліктегі бірліктерге арнайы таңбалар тағайындалды. Айталық, Шыңғыс хан өз империясын ұлдарына бөлек-бөлек ұлыс етіп үлестіргенде, олардың әрқайсысына әртүрлі

таңбалар берді. Демек, кейде таңбалардың белгілі тұлға тарапынан руларға немесе адамдарға берілу дәстүрі болған. Сонымен қатар, мифологиялық оқиға болғанына қарамастан, Оғыз хан өз ұлдары мен немерелеріне жеке-жеке қызмет пен таңбалар беруі туралы мәліметтердің бірқатар дереккөздерде сақталуы [12, 198] бұл дәстүрдің тамыры өте ертедегі дәуірлерде жатқанын дәлелдейді. Шыңғыс ханның ұлдарына түрлі таңбалар беруі қандай ереже мен дәстүрлерге сүйенгендігі, басқа түркі және түркі-моңғол әулеттерінде байқалған осыған ұқсас құбылыстардың негізінде не жатқандығы болашақта зерттелуі керек тақырыптардың бірі.



Көне түркілердің таңбашылық дәстүріне сәйкес, кейде таңбалар бірнеше бөліктен тұрады:


1) таңбаның негізгі бөлігі – “жүрек” (негізгі таңба / негізгі ру);

2) жалғамалар – “құйрық” немесе “аяқ” (жалғамалы таңба/кіші ру) [13, 10-11];





3) таңбаның жанында орналасқан рәміздік нышандар (жарты ай, күн және сол сияқты әртүрлі молшылық пен билік рәміздері).




Таңбалар бастапқыда бірнеше шынайы өрнектен, мысалы, тотем немесе қасиетті жануар бейнесінен жасалған. Мысалы, атақты *ашина* тайпасының таңбасы киелі жануар саналатын **тау**


ешкісі  бейнесімен, *ашида* (Аждаһа/Айдаһар) тайпасы таңбасы  **айдаһар** бейнесімен, *қай*


тайпасының таңбасы олардың өз тотемі  **жылан** бейнесімен байланысты [14, 102-103, 129, 132; 15, 2002:86-87] бейнеленген. Дегенмен, бұл бұлжымас қағида емес, айталық, өзге бірқатар түркі тайпаларының таңбаларын басқа жануар бейнелерімен байланыстыру біршама қиынға соғады.

Сонымен қатар, бірнеше тайпа таңбасының әрқашан өзара ұқсас пішінде бедерленуі, әсіресе қайсыбір тайпаның тотемі болған белгілі бір жануарды сипаттаған бейненің әртүрлі пішіндерде суреттелуі байқалады. Мысалы, көктүріктердің одақтас билеуші тайпасы Ашиданың рәмізі болған



айдаһар түріндегі таңба мынадай әртүрлі пішіндерде жазбалардан ұшырасады:  -  -  - .

 -  -  (қараңыз: I-II суреттер) [16, 250-253; 17, 124; 18, 48].

Басқаша айтқанда, кез келген таңбаның белгілі бір бөлігі бірнеше тайпа үшін негізгі таңбаның міндетін атқара алады. Мысалы, Тоныкөк жазуының үстіңгі бөлігінде орналасқан  пішінді

таңба Ашида тайпасын білдіріп, шындығында ол  пішінді «Айдаһар» таңбаның басқа бір пішіні немесе оның бір бөлігін танытатын бейнесі болып шығады. Ашида таңбасынан басқа Орхон

жазуларында  пішінінде көрінетін бұл нышандардың қайнарының бірдей болуы, таңбаның 

және  пішіндері “Айдаһардың” тәжді бас бөлігін,  пішіні болса мейлінше толық форманы білдіруі ойға жетелейді (қараңыз. I-II суреттер).

Таңбаларға байланысты тағы бір мәселе, көптеген жағдайларда бір таңбаның түрлі пішіндерде бедерленуімен байланысты. Кейде негізгі таңбаға бір немесе бірнеше тура сызық және дөңгелек пішіндегі жалғама бөліктердің қосылуы, таңбалардың тік немесе көлденең, енді бірде теріс пішінде бейнеленуі де кездеседі. Асылы, бұл жағдай таңбашылық дәстүріне қайшы келмейді, ол таңба иелерінің сол кезеңдегі қоғамда немесе саяси өмірде атқарған қызметімен байланысты болуы тиіс. Мысалы, соңғы кездері Моңғол таңбашылығын зерттеген ғалым Дж.Хумпхрей анықтағанындай, моңғолдарда бір таңбаның бірнеше орында бедерленуі таңба иесінің әлеуметтік немесе тайпа-аралық қызметіне меңзейді [19, 294, 300-302].

Бұл орайда тағы бір жайт, Алтай түркілерінде осы уақытқа дейін сақталған дәстүр бойынша таңбалар өзгермейтін негізгі бөлік – *dyürek* “жүрек” және оған жалғанатын түрлі бөлшектер – *kedege* “тұлым (шаш)”, *kyuruk*, *kanat ve but* “аяқ” бөліктерінен құралады [20, 5; 13, 10-11].

Көне түркі таңбашылық дәстүрін айқынырақ ұғынуда Моңғолия, Оңтүстік Сібір және Орта Азияның далалық аймақтарында орналасқан жазба тас ескерткіштерін зерделеудің маңызы айрықша. Мұндай бітіктастардағы таңбалардың көпшілік жағдайда мәтіндердің үстінде болуы, кейде мәтін арасында немесе мәтіннің астында орналасуы байқалады. Мысалы, Көктүрік қағандығына тиесілі Күлтегін, Білге қаған, Түңйүкқұқ жазуларында және Ұйғыр қағандығына тиесілі Мойынчор, Ел-етмиш қаған жазуы және сол сияқты мемлекет жазуларында «Хандық» таңбаларының ең жоғарыда, мәтіндер үстінде орналасуы [21, 16-18, 58-60, 63-64; 22, 259], бұған керісінше



: H 3 H 4 H H H
 H 3 M 4 N) J D
 H > X N Y X > B 4 0
 H H 0 L H T J 0 I X
 H > > H > S H T X
 : > > H > > S


4



5




6



7

Рис. 1. Надпись на скале Хангыта-хат.

I сурет



II сурет

Қырғыз қағандығы аумағына тиесілі Оңтүстік Сібір жазуларында бұл секілді таңбалардың жазудың ең төмен бөлігінде, мәтін астында бедерленуін көреміз. Таңбалардың мәтін арасында немесе жазудың бүйір және орта бөлігінде орналастырылу жағдайлары Тайқар, Чойр, Суджи жазуларында көрінеді [9, 26] (қараңыз. I, 3-7 сурет).

Таңба басылған бітіктастардың барлығында таңба бейнелерінің көктүрікше жазулы метіндерден біршама үлкен диаметрде бедерленгені көзге айрықша шалынады. Шамасы көне түркілердің саналы түрде таңбаларын элеуметтік өмірде маңызды деп есептегендіктен, осындай әдіс таңдаған сияқты. Сөйтіп, бітіктас орнатқан кезде өз «елтаңбасы»-ның тайпаластары тарапынан оңай ажыратылуын қамтамасыз етуді мақсат тұтқан.

Осылайша, ғасырлар бойы тайпа аттары өзгеріп, жаңарып тұрғандарына карамастан, көне түркі кезеңі таңбаларының үлкен бөлігінің осы күнге дейін сақталып қалуы таңбалардың ұрпақтан ұрпаққа мұра болғандығын айқын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Mert O. Ötüken Uygur Dönemi Yazıtlarından Tes – Tariat – Şine Us. – Ankara, 2009.
- [2] Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата: “Наука”, 1971
- [3] Ölmez M. Orhon-Uygur Hanlığı Dönemi Moğolistan’daki Eski Türk Yazıtları. – Ankara: BilgeSu, 2013.
- [4] User Ş. H. Köktürk ve Ötüken Uygur Kağanlığı Yazıtları. Söz Varlığı İncelemesi. 1. Baskı. – Konya: Kömen Yayınları, 2009.
- [5] Aalto P. Der Inschriftenstein von Šiwēt-ulān // Materialien zu den Alttürkischen Inschriften der Mongolei. – Helsinki, 1958. – S. 77-95.
- [6] Войтов В.Е. Древнетюркский пантеон и модель мироздания в кульгово-поминальных памятниках Монголии VI–VIII вв. – М., 1996.
- [7] Samashev Z. S., Bazylkhan N. Ancient Turkic Tamga-Signs // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 311-329.
- [8] Табалдиев К., Алимов Р. Байыркы түрктөрдүн Талас жергесинде табылган жаңы эстеликтери // Турк цивилизациясы жана мамлекеттик салты. – Бишкек, 2004. – С. 277-294.

- [9] Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги. – Алматы, 2010.
- [10] Osawa T. On Functional Changes of Tamga and Nishan-Signs in the Old Turkic Period // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 371-392.
- [11] Tezcan M. “Tamgas among the Turks in the Middle Ages: Their Role as Legal Signs and Some Related Terms” // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 371-392.
- [12] Базылхан Н. Реконструкция и этимология некоторых названий тамг тюрко-монгольских этносов VIII–XIV вв. // Проблемы изучения нематериального культурного наследия народов Казахстана и Центральной Азии: топонимика, эпиграфика, искусство. Сб. мат-лов межд. науч. конф. – Алматы: Издательство EVO PRESS, 2014. – С. 196-206.
- [13] Yatsenko S. A. Problems and Study Methods of the Ancient and Early Medieval Iranian-speaking Peoples’ Nishan-Signs // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 109-129.
- [14] Зуев Ю. А. Тамги лошадей из вассальных княжеств // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – С. 94–140.
- [15] Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002.
- [16] Кляшторный С.Г. Руническая надпись из Восточной Гоби // *Studia Turcica*. Edit. by L. Ligeti. – Budapest: Academiai Kiado, 1971. – С. 249-258.
- [17] Кляшторный С. Г. Руническая эпиграфика Южной Сибири (наскальные надписи Тепсея и Турана) // Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – СПб., 2006. – С. 319–325.
- [18] Battulga T. Moğolistan’da yeni bulunan Göktürk Yazıtları // TDK, Belleten, 2000. – S. 47-58.
- [19] Humphrey C. Horse Brands of the Mongolians // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey (International Seminar and Exhibition. Seals, symbols and tamghas). Edited by Joam Evans Pim, Sergey A. Yatsenko, Oliver T. Perrin. – London; Dover, Dankling Books, 2010. – P. 289-307.
- [20] Ямаева Е.Е. Родовые тамги алтайских тюрков (XIX – XX вв.). – Горно-Алтайск, 2004.
- [21] Radloff W. Moğolistan Tarihi Eserleri Atlası. – Ankara: TİKA, 1994.
- [22] Dobrovits M. The thirty tribes of the Turks // *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hung.* Volume 57 (3). – P. 257–262 (2004).

REFERENCES

- [1] Mert O. *Ötüken Uygur Dönemi Yazıtlarından Tes – Tariat – Şine Us*. – Ankara, 2009. (in Turkish)
- [2] Ajarov G. *The Language of the Orkhon monuments of ancient Turkic inscriptions of the VIII century*. – Alma-Ata: Nauka, 1971. (in Russian)
- [3] Ölmez M. *Orhon-Uygur Hanlığı Dönemi Moğolistan’daki Eski Türk Yazıtları*. – Ankara: BilgeSu, 2013. (in Turkish)
- [4] User Ş. H. *Köktürk ve Ötüken Uygur Kağanlığı Yazıtları*. Söz Varlığı İncelemesi. 1. Baskı. – Konya: Kömen Yayınları, 2009. (in Turkish)
- [5] Aalto P. *Der Inschriftenstein von Šiwēt-ulān* // *Materialien zu den Alttürkischen Inschriften der Mongolei*. – Helsinki, 1958. – S. 77-95. (in German)
- [6] Vojtov V.E. *Ancient Turkic Pantheon and Model of the Universe in Religious-Memorial Monuments of VI–VIII centuries*. – M., 1996 (in Russian)
- [7] Samashev Z. S., Bazylkhan N. *Ancient Turkic Tamga-Signs* // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 311-329. (in English)
- [8] Tabaldiyev K., Alimov R. *Байыркы түрктөрдүн Талас жергесинде табылган жаңы эстеликтери* // Турк цивилизациясы жана мамлекеттик салты. – Бишкек, 2004. – С. 277-294. (in Kyrgyz)
- [9] Samashev Z. S., Bazylkhan N. Samashev S. *Old Turkic tamgas*. – Алматы, 2010. (in Russian)
- [10] Osawa T. *On Functional Changes of Tamga and Nishan-Signs in the Old Turkic Period* // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 371-392. (in English)
- [11] Tezcan M. *Tamgas among the Turks in the Middle Ages: Their Role as Legal Signs and Some Related Terms* // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 371-392. (in English)
- [12] Bazylkhan N. *Reconstruction and etymology of some tamgas of Turco-Mongolian tribes in VIII-XIV cc.* // Проблемы изучения нематериального культурного наследия народов Казахстана и Центральной Азии: топонимика, эпиграфика, искусство. Сб. мат-лов межд. науч. конф. – Алматы: Издательство EVO PRESS, 2014. – С. 196-206. (In Russian)

- [13] Yatsenko S. A. *Problems and Study Methods of the Ancient and Early Medieval Iranian-speaking Peoples' Nishan-Signs* // Pim, J.E., Yatsenko S.A. and Perrin O.T., Eds., *Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey*. – London, Dover: Dunkling Books, 2010. – P. 109-129. (in English)
- [14] Zujev Ju.A. *The tamgas of horses from vassals* // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – С. 94–140.
- [15] Zujev Ju.A. *Early Turks: issues on the history and ideology*. – Алматы, 2002.
- [16] Kljashtorniy S.G. *The Runic inscriptions from Eastern Gobi* // *Studia Turcica*. Edit. by L. Ligeti. – Budapest: Académiai Kiado, 1971. – С. 249-258. (in Russian)
- [17] Kljashtorniy S.G. *The Runic epigraphs of Southern Siberia (the rock inscriptions of Tepsey and Turan)* // Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – СПб., 2006. – С. 319–325. (in Russian)
- [18] Battulga T. *Moğolistan'da yeni bulunan Göktürk Yazıtları* // TDK, Belleten, 2000. – S. 47-58. (in Turkish)
- [19] Humphrey C. *Horse Brands of the Mongolians* // *Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey (International Seminar and Exhibition. Seals, symbols and tamghas)*. Edited by Joam Evans Pim, Sergey A. Yatsenko, Oliver T. Perrin. – London; Dover, Dankling Books, 2010. – P. 289-307. (in English)
- [20] Jamayeva E.E. *The tribe tamgas of Altai Turks (XIX – XX cc.)*. – Горно-Алтайск, 2004. (in Russian)
- [21] Radloff W. *Moğolistan Tarihi Eserleri Atlası*. – Ankara: TİKA, 1994. (in Turkish)
- [22] Dobrovits M. *The thirty tribes of the Turks* // *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hung.* Volume 57 (3). – P. 257–262 (2004). (in English)

ТАМГОВАЯ ТРАДИЦИЯ ДРЕВНИХ ТЮРОК

Д. К. Кыдырали, Г. Бабаяров

Международная Тюркская Академия, Астана, Казахстан

Ключевые слова: древние тюрки, древнетюркские надписи, тамги, знаки, евразийское пространство, единство, Мәңгі Тас («Вечный камень»).

Аннотация. В статье рассматривается внутреннее содержание символической традиции использования тамг (знаков) у древнетюркских племен. Авторы, исследуя идею и историю происхождения данной системы, являвшейся частью традиций тюркской государственности, изучают историю тюрков Евразии и путь семантического развития традиций тамгопользования. Обозначенная система известна у тюркских народов под названиями «тамга», «знак», «метка». В древнетюркских государствах доисламской эпохи тамги – символические знаки племен, применялись повсеместно: их высекали на каменных стелах, балбалах, наскальных рисунках, изображали на монетах и печатях, на изделиях из глины и металла, на бумаге и ткани. Подробно рассматривая традиции тамгопользования на территории Центральной Азии, в частности у тюрков, следует отметить, что индивидуальные родовые тамги были не только у правящего рода, но и у всех других племен и племенных объединений.

Поступила 10.02.2016 г.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 16.02.2016.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
12,0 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.